Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

www.mmg.kz

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№05 (92), мамыр - маусым, 2017 жыл

*Жастар саясаты*

# БІРЛІГІ МЫҚТЫ ЖАСТАР, БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР

**Маусым айының 3-4 жұлдызы күндері Маңғыстау облысының әкімі Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының компаниялар тобына кіретін өндірістік және сервистік мекемелер жанынан құрылған жас мамандар Кеңестері белсенділерімен кездесті. Жас мамандар Кеңестерінің 400-ге жуық мүшесінің басын қосқан форум жұмысына жергілікті атқару ұйымдарының басшылары, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Сақбалдыұлы Әбденов және өндірістік мекеме жетекшілері қатысты.**




Форумды облыс әкімі Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов ашып, облыс экономикасының күре тамыры саналатын – мұнай өнеркәсібі саласындағы жастармен кездесудің мән-маңызы зор екендігіне ерекше тоқталды.

- Жастар – қозғаушы күш. Жастар – елдің ертеңі. Олардың жасампаздыққа ұмтылысы, білім шыңына өрмелеп, елге қосар үлесі – жарқын болашақ кепілі. Бүгінде мен білімді де білікті, еңбекқор да отансүйгіш, көк туымызды желбіретіп, ел мерейін асқақтатар жастармен кездесіп отырмын. Киелі өлкенің жас перзенттері осал болмайтынына сенемін. Осындай еркін форматтағы кездесу – екі тарапқа да жақсы мүмкіндік, тәжірибе алмасу алаңы болмақ, - деді.

Форумда жас мамандар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында қабылданған жастар саясатының бес бағыты бойынша өз мекемелері тарапынан жүргізіліп жатырған жұмыстар жөнінде айтып өтті.

Алғашқы болып сөз алған «Өзенмұнайгаз» АҚ жас мамандар Кеңесінің төрағасы Бауыржан Баймбетов өз мекемесі қабырғасында инновациялық даму бағыты бойынша жасалып жатырған жұмыстарға тоқталып, жастардың мұнай өндіру процестерін оңтайландыру үшін жасақтаған үш жобасы туралы баяндады. Олардың екеуі өндіріске қабылданса, ал «Интеллектуалды тербелмелі қондырғы» жобасы кәсіпшілікке сынақ жұмыстарына тапсырылған. Мақсаты – тербелмелі қондырғының жұмысын бақылап, авариялық жағдайлардың алдын алу арқылы оны күтіп-ұстауға жұмсалатын шығынды азайтып, жұмыс тиімділігін арттыру. Сынақ жұмыстары көрсеткендей, жобаланған құрылғы шығындарды жылына 3 миллион теңгеден 350 мың теңгеге дейін яғни 85 пайызға төмендетуге, сондай-ақ тербелмелі қондырғының тоқтап тұру уақытын қысқартуға, өндірілетін мұнай көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді екен. Бауыржан өз сөзін «Жастардың көкейі өндірістің қоршаған ортаға залалын азайтатын, шығынды төмендететін, үнемдейтін, тиімді озық ойлар, тың идеяларға тұнып тұруы керек. Өздеріне өндіріс қызметіне қандай үлес қоссам, қандай көмек көрсетсем болады деген сұрақтар қойған жөн» деп түйіндеп, инновациялық жобаларды енгізу, жүзеге асыру үшін компания тарапынан семинар, оқыту, арнайы жүлде сияқты ынталандыру болу керектігін назарға ұсынды.

Өндіріс үшін де керегі осы емес пе?! Өзендік әріптестеріміздің осы бір жетістіктері біздің жас мамандардың да ізденісін оятып, иннновацияға деген құлшынысын жани түседі деп сенеміз.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жастар Кеңесі «Мәдени даму» бағыты бойынша жасалып жатырған жұмыстарды таныстырды. Компания Кеңесі атынан сөз алған жас маман Ғани Әбдісадық Кеңестің 2014 жылдан бері «Мәдени даму» бағытында атқарған қызметі туралы кеңінен баяндады. «Ұлттық өнер кеші – домбыра кеші» мен «Өз өлкеңді таны» атты жобаларды таныстырып, қоғамның айнасына айналған компанияішілік мәдени-қоғамдық, тәрбиелік мәні зор шаралармен таныстырды. Серіктес-еншілес кәсіпорындар мен өңір басшылығына осы бағыттағы жұмыстарды үдете түсу мақсатында бірнеше ұсыныстар мен тілектер білдірді. Жас мамандар мен өскелең ұрпақты патриотизм мен отансүйгіштік рухында тәрбиелеу үшін компания жастары бастамашылығымен өмірге келген соғыстан ұлдары мен сүйген жарлары оралмаған барлық аналар рухына арналған жыр кешін жылда көктемде, Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында Онды ауылында орналасқан «Ай-Ана» ескерткіші жанында тұрақты өткізуге, өңірдің шығармашылық адамдарының басын қосатын ірі шараға айналдыруға ұсыныс берді. Өндірістің бел ортасында жүрген жұмысшы жастардың өлке тарихын жете тану-білуі үшін осы бағытта облыстық мәдениет, ішкі саясат басқармаларына арнаулы бағдарлама жасақтаса деген тілегін форумға қатысушылар бірауыздан қолдады.

Жастар саясатының «әлеуметтік қолдау», «кәсіби жетілу» және «салауатты өмір салтын насихаттау» атты үш бағыты да әріптес мекеме жастары тарапынан таныстырылып, атқарылған жұмыстар облыс басшысының назарына берілді.

Кездесудің екінші бөлімі дискуссия алаңына ұласты. Жастарға көкейінде жүрген сұрақтарын тікелей облыс басшысына қойып, жауап алу мүмкіндігі туды. Бұл жерде де жиынға сайдың тасындай сайланып келген жастар нағыз отансүйгіштік пен елгезектіктің үлгісін көрсетіп, жан-жақты біліктіліктерін таныта білді. Бірі өңірдің экономикалық дамуы мен экологиялық қауіпсіздігіне алаңдаса, екіншісі қалалар көркіне зер салуды сұрап, электр энергиясы мен коммуналдық қызмет жүйесін оңтайландыру туралы

*Жалғасы 2-бетте*





## НАЗНАЧЕНИЕ

**С 10 мая 2017 года заместителем Генерального директора по коммерческим вопросам АО «Мангистаумунайгаз» назначен Чэнь Цзунсян.**



Чэнь Цзунсян родился 21 июля 1967 года в КНР.

В 2000 году окончил Московский государственный университет экономики, статистики и информатики (МЭСИ), (присуждена степень Магистра экономики по направлению «Экономика»).

С 2000 года работал в системе АО «СНПС - Актобемунайгаз»: бухгалтером, экономистом, инженером по комплектации, директором департамента, помощником генерального директора, заместителем генерального директора АО «СНПС - Актобемунайгаз».

Женат, воспитывает дочь.

## АҚТӨБЕДЕН ЖЕТКЕН ЖЕДЕЛХАТ

### Қадірлі әріптестер!

Еліміздің табиғат апаттарынан зардап шеккен өңірлеріне көмек қолын созуға арналған қайырымдылық шарасына бір ауыздан ат салысқандарыңыз үшін тағы бір мәрте алғыс айта отыра, Компания қызметкерлері жалақысы есебінен жиналған қаржылай көмекке ие болған Ақтөбе жұртшылығы атынан Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Машбекұлы Сапарбаев мырзадан келіп жеткен жеделхатты назарларыңызға ұсынамыз.

ДОСТАВКА АКТОБЕ 130006/013024 128 05/05 1428–

05 МАЙ 2017

УВЕДОМЛЕНИЕ ТЕЛЕГРАФОМ

АҚТАУ ҚАЛАСЫ 6 Ш/А НОМЕР 1 ҒИМАРАТ МАҢҒЫСТАУМҰНАЙҒАЗ АҚ ҰЖЫМЫНА–

ХАЛҚЫМЫЗДА БІРЛІГІ БАР ЕЛДІҢ БОСАҒАСЫ БЕРІК ДЕГЕН ДАНА СӨЗ БАР МАҒЫНАСЫ ТЕРЕҢ МАЗМҰНЫ ОЙЛЫ БҰЛ ДАНАЛЫҚТЫҢ НӘТИЖЕСІН БІЗ ӨЗ ӨМІРІМІЗДЕН КҮНДЕЛІКТІ АНЫҚ КӨРІП АШЫҚ СЕЗІНІП ЖҮРМІЗ БИЫЛҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА ДА БІРАЗ ҚИЫНДЫҚТАР ТУДЫРЫП ЕЛІМІЗДІҢ КҮЛЛІ ЖҰРТШЫЛЫҒЫН АЛАҢДАТТЫ ОСЫНДАЙ СӘТТЕРДЕ ӨЗІҢІЗДЕЙ ЖАНАШЫР ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ МЕРЕЙІН АСЫРЫП МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРДІ ОЛАР ӨЗДЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫНА АЛАҢДАП ОТЫРҒАН ДОСТЫҚ ПЕЙІЛДЕГІ ШЫН ЖАНАШЫР ЖАНДАРДЫҢ БАР ЕКЕНДІГІН СЕЗІНДІ ЕЛДІҢ ЕЛДІГІ ЕРЛІГІ ОСЫНДАЙ ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУҒАН ҚИЫН ШАҚТА КӨРІНСЕ КЕРЕК БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛСА БІЗ АЛМАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ СІЗДЕРГЕ БАРША АҚТӨБЕЛІКТЕРДІҢ АТЫНАН ШЫН КӨҢІЛДЕН АЛҒЫС СЕЗІМІН ЖЕТКІЗЕМІЗ ЕЛ АМАН ЖҰРТ ТЫНЫШ БОЛСЫН ЕҢБЕКТЕРІҢІЗГЕ ТАБЫС ОТБАСЫНА АМАНДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰТ-БЕРЕКЕ ТІЛЕЙМІН–ІЗГІ НИЕТПЕН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕРДІБЕК САПАРБАЕВ -----

НННН 10949814 05.05.2017 14.23

01-1688 05.05 1

## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ

**Маңғыстау облысында Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Владимир Жұмақановтың төрағалығымен кеңес өтті.**

Отырысқа министрліктердің, арнаулы және құқық қорғау, сондай-ақ атқарушы мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Іс-шара барысында Маңғыстау облысында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Президенті тапсырмаларының орындалу барысы қаралды. Атап айтқанда, қоғамдық қауіпсіздік, дін саласындағы проблемалар, сондай-ақ террористік қауіп пен төтенше жағдайларға қарсы тұруға дайындық деңгейі талқыланды.

Ахуалға кешенді зерттеу жүргізу үшін өңірге ведомствоаралық жұмыс тобы жіберілді, оған Президент Әкімшілігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және басқа да уәкілетті органдардың жауапты қызметкерлері енген.

В.Жұмақанов жауапты мемлекеттік органдарға Маңғыстау облысындағы тәжірибенің негізінде жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды ескеріп, жан-жақты талдау жасау және жалпы елдегі ұлттық қауіпсіздікке төніп тұрған қауіп-қатер деңгейін төмендету бағытында тиісті жұмыстарды ұйымдастыру қажет екенін айтты.

Кеңес қорытындысы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдарға нақты тапсырмалар берілді.

# БІРЛІГІ МЫҚТЫ ЖАСТАР, БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

ұсыныстар жасады. Жастар саясаты, тіл мәселесі, дін ахуалы мен әлеуметтік қамқорлыққа мұқтаж жандардың да жағдайы назардан тыс қалмады.

Жиында жапан даланың төсінде ел байлығын игеріп жатқан мұнайшы жастардың қозғаған көкейкесті мәселелеріне Ералы Лұқпанұлының жауаптары да тұщымды, ойға қонымды болды. Бірқатар сұрақтар әкімнің күнделігінен орын тауып, олар туралы қосымша ақпарат берілетіні мәлімделді. Солардың бірі - «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының қызметкері Д.Ораловтың Ақтау қаласынан «Мұнайшылар аллеясын» ашу туралы ұсынысы әкім тарапынан қолдауға ие болып, сол жерде-ақ жауапты басқармаларға жұмыс үшін жолданып кетті. Бұйыртса, жуық арада, қаламыз тағы да бір әсем архитектуралық нысанмен толығары әбден мүмкін!

Мұнайшы жастар саясатының бағыт-бағдарын, қойған өзекті мәселелерін ыждағатпен тыңдаған облыс әкімі Е.Тоғжанов жастарға оң бағасын берді.



Түс ауа жиынға қатысқан жас мұнайшылардың жартысы квест ойынының шартына сәйкес 6 автобусқа тиеліп, қаланың алты тарабында жасырылған Каспий теңізінің «қазынасын» іздеуге аттанса, тап сондай топ «Өз өлкеңді таны» акциясы бойынша облыстық өлке тану мұражайына бағыт алды.

Екіндіде ойыннан оралған көңілді топ пен мұражайдан қайтқан ойлы делегаттар Абай мәдениет үйінде форум аясында өтіп жатырған «Ел-жұртым бар қолдайтын!...» атты бейнеулік бүлдіршін Балғынбек Бақтиярдың еміне көмектесуге арналған қайырымдылық концертке бет түзеді. Бір жарым сағаттық өңкей мұнайшы өнерпаздардың концерттік бағдарламасынан құралған «ретро» нақыштағы, сонау 60-80 жылдардың жауһарына айналған әндер, күмбірлеген күйлер мен қазақ поэзиясының классиктеріне айналған ақындардың поэзиясы көрерменді тәнті етіп бір демде өте шықты. Тағы да көргеннің көкірегін тербеп, естігенді еріксіз елітетін кешке айналды. Концерт соңында қайырымдылыққа жиналған қаражатты Балғынбек пен оның әкесіне табыстау үшін сахна төріне көтерілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті С.Әбденов:

- Жылағанды жұбат, жығылғанды жебе, айырылысқанды табыстыр, сазды қосып жер ек, азды қосып, ел ет! Осы ұстаныммен ел болып, береке-бірлікте ғұмыр кешіп жатырмыз. Жас мамандар кеңесінің негізгі бағыты да осы. Өңірдегі мұнай мекемелерінің ұжымы біріге отырып жинаған бас-аяғы 850 мың теңге көлеміндегі қорды Балғынбек Бақтиярдың әкесіне табыстаймыз! – деп оң бағасын беріп, қайырымдылық концертінің шымылдығын жапты.



Одан әрі көпшілік шаралар теңіз жағалауында ҚР Мемлекеттік рәміздері күніне орай орнатылған сахнаға ығысып, қала жұртшылығына арналған мерекелік гала-концертке ұласты. Иық тірестіре сахнаға шыққан өңкей мұнайшы жастар бұл күні емін-еркін шығармашылық көңіл-күйде кәсіби деңгейдегі әншілерден кем түспеді. Көрерменнің таңданысын өз алдына, көпті көрген сахнаның мамандары да әсерлерін жасыра алмай жатты. «Ел іші – өнер кеніші» деген қанатты сөз бұл күні көп қайталанды...




Осындай сәттердің бірінен соң «Мұнайшы қыз» деп әуелетіп ән салған әнші-сазгер Әнес Қарабасов:

- Сахнаның майталмандары өнеріме тәнті болып, әндеріме «құда түсіп» жатыр, - деп ағынан жарылды. Өнердің үстемдігі деген де осы болар...

Екі күнге шақталған өңірлік форумның алғашқы күні осындай елеулі оқиғалармен қорытындыланды. Екінші күні 2000 адамның басын қосқан жалпы қалалық таңғы жаттығумен басталып, кешкісін Мемлекеттік рәміздер күніне арналған шерумен аяқталды.

Бұл шаралардың қай-қайсысы да жастарды бей-жай қалдырмағанына куә болдық. Рухани қанаттанған жастар шаралардан соң біраза дейін тарқамай шүйіркелесіп жүріп алуды әдетке айналдырыпты. Маңғыстаудың қазыналы төсінде тарыдай шашылып түскен, арасында шақырымдар жатқан ірілі-ұсақты кенорындарынан келіп Ақтауда екі күнге бас қосқан жас мұнайшылар қанаттанып, жасқа тән жалынмен, іскерлікпен ой бөлісіп жатты. Жаңа достар тапқанына қуанышты көңіл бар әрқайсысында. Облыс әкімімен кездесудегі елдік мәселелердің бел ортасында болған әсерлері өз алдына. Әрқайсысының аузында бұл форум жаңа жобалар мен тың ұсыныстардың басы екені сөзсіздігі туралы ой-пікір...

Жанамын деген жүрекке от берген осы жиыннан мұнайшы жастардың туған өлкесінің дамуына, өсіп-өркендеуіне жаңа серпіліспен үлес қосатынына сенім мол.





*Равнение на лучших*

# МАСТЕРА СВОЕГО ДЕЛА

**Как известно, ежегодно 28 апреля Международная организация труда (МОТ), в целях содействия по предотвращению несчастных случаев и заболеваний на рабочих местах, отмечает Всемирный день охраны труда. Во всем мире профсоюзные организации, организации работодателей и специалисты-практики в области охраны труда организуют мероприятия, приуроченные к этой дате. Поддержал данную инициативу и Локальный профсоюз АО «Мангистаумунайгаз», который совместно с ДТБОТиООС в целях повышения культуры безопасности и охраны труда, повышения профессионального мастерства объявил среди мастеров и цехов ПУ «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз» конкурс на знание и соблюдение Правил техники безопасности.**





Для организации и проведения конкурса в производственных управлениях были созданы специальные комиссии, в состав которых вошли руководители структурных подразделений, руководители и специалисты отделов в области техники безопасности, главные механики и др.

Сам конкурс проводился в два этапа. На первом производился подсчет проведенных ПНБ (поведенческое наблюдение по безопасности): количество проведенных ПНБ и количество выявленных рисков за апрель месяц 2017 года цехами и участками. На втором этапе оценивалось производство работ повышенной опасности и огневых работ.

- Для каждого этапа были разработаны свои критерии оценки, - рассказывает и.о. начальника ОТиПБ ПУ «Каламкасмунайгаз» Азамат Якиев. – Согласно ежедневной сводке работ повышенной опасности и сварочных работ члены комиссии выезжали на производство и на местах внимательно оценивали ход работ – подключение сточного коллектора, изготовление и монтаж кожуха насоса, замена отсекающей задвижки и т.д. В том числе оценивалось соответствующее оформление наряд-допуска или разрешения; подготовленность рабочего места, наличие СИЗ, исправных инструментов и т.д. По итогам каждого этапа начислялись соответствующие баллы.

Таким образом, на Каламкасе победителем конкурса (по итогам двух вахт) стал ЦДНГ-2 (набрал 9 баллов), на втором месте ЦППД (6 баллов), замкнул тройку призеров ЦДНГ-1 (5 баллов).

24 мая в ходе ежемесячного заседания – день охраны труда - начальник ПУ «Каламкасмунайгаз» Нурпейис Сарсенбай, директор ДТБОТиООС Коблан Таджибаев и председатель профкома ПУ «КМГ» Бердибек Куатбай, в торжественной обстановке вручили руководителям цехов почетные грамоты, памятные призы и поблагодарили за добросовестный и безопасный труд.

- Стать победителем конкурса – это не только большая честь, но и большая ответственность, - отметил заместитель начальника ЦДНГ-2 ПУ «Каламкасмунайгаз» Ерлан Кушербаев. – Хочу поблагодарить руководство АО «Мангистаумунайгаз» и профсоюзный комитет за организацию и проведение конкурса, ну и, конечно же, хочу поблагодарить всех своих коллег, потому что это победа – наша общая заслуга!

По аналогичному сценарию проводился конкурс и на месторождении Жетыбай. И здесь созданная из авторитетных руководителей и специалистов комиссия, оценивала безопасность работ на всех этапах.

По итогам конкурса первое место занял ЦДНГ-3, второе – ЦПТГиЭГХ, третье – ПРЦЭО.

26 мая на месторождении Жетыбай, в ходе ежемесячного заседания в торжественной обстановке, под аплодисменты коллег победителям и призерам были вручены почетные грамоты и памятные подарки.

Поздравляя коллег с этими достижениями, начальник ПУ «Жетыбаймунайгаз» Ян Юэхуа и председатель профкома ПУ «ЖМГ» Таргын Мысамбаев подчеркнули, что и впредь важно добиваться высоких показателей в области охраны труда и техники безопасности.

- В первую очередь я хочу поблагодарить весь коллектив цеха, - подчеркнул начальник ЦДНГ-3 ПУ «Жетыбаймунайгаз» Сагиниш Тастыгараев. – Наши работники активно участвуют в обеспечении безопасной и безвредной для здоровья производственной среды, четко определяя права и обязанности, и наивысший приоритет всегда отдается принципу профилактики.

Стоит отметить, что по итогам конкурса все победители и призеры из Каламкаса и Жетыбая также были поощрены денежной премией. Сам конкурс вызвал большой интерес со стороны руководителей цехов и работников, и поэтому организаторы заявили, что теперь подобные мероприятия будут проводиться ежегодно.

*Плечом к плечу*

# КАЛАМКАС – КАРАЖАНБАС: МОСТ ДРУЖБЫ

**В рамках обмена опытом и укрепления сотрудничества на днях ПУ «Каламкасмунайгаз» посетила группа специалистов в области охраны труда и техники безопасности АО «Каражанбасмунай». Обширная программа пребывания коллег из Каражанбаса включала посещение месторождений, производственных объектов, знакомство с социальной инфраструктурой, обмен знаниями и обсуждение актуальных тем в области безопасности. Таким образом, обмен опытом, укрепление дружеских связей, является хорошим шагом для сотрудников обеих компаний и потихоньку становится доброй традицией: напомним в декабре 2015 года работники Каламкаса ознакомились с деятельностью АО «Каражанбасмунай», теперь коллеги-нефтяники совершили ответный визит.**





Знакомство с месторождением началось с посещения офиса ПУ «Каламкасмунайгаз»: гости прошли вводный инструктаж, после чего встретились с руководством управления. Начальник ПУ «Каламкасмунайгаз» Нурпейис Сарсенбай, тепло поприветствовал коллег и выразил уверенность, что представители обеих компаний откроют для себя много нового и полезного.

В ходе визита нефтяники Каражанбаса побывали в музее ПУ «КМГ», ознакомились с работой цеха по подготовке и перекачке нефти, посетили УПСВ, затем ПРЦЭО, где осмотрели компьютерные классы для прохождения экзаменов, а также посетили спортивно-досуговый комплекс.

- Я впервые на Каламкасе и первое, что меня поразило – это размеры месторождения, - признается старший инженер отдела безопасности и охраны труда АО «Каражанбасмунай» Денис Акимов. – Также большое впечатление произвел на меня ваш музей: очень приятно что вы помните историю, этапы развития месторождения. Большое восхищение вызывает спортивно-досуговый комплекс, отрадно, что для нефтяников созданы великолепные условия для занятия спортом. Что касается производственных объектов, то в принципе у нас схожие методы работы, хотя различия конечно есть. Мы ознакомились с условиями в области охраны труда и техники безопасности и узнали для себя много интересного. В целом впечатления положительные, и я надеюсь что подобные визиты станут регулярными.

- А меня поразило благоустройство месторождения, обилие деревьев и растений, чистота на улицах, - говорит ведущий инженер отдела безопасности и охраны труда АО «Каражанбасмунай» Светлана Мухамбетова. - Поездка оказалась очень насыщенной, мы посетили много объектов, теперь мы проанализируем всю полученную информацию и надеюсь почерпнем для себя немало нового. Пользуясь случаем, хотелось бы поблагодарить коллег из Каламкаса за теплый и радушный прием.

В заключении гостям из Каражанбаса вручили памятные подарки и сувениры, обе стороны выразили пожелание чтобы подобные встречи проводились почаще: поскольку обмен опытом и знаниями, получение новой актуальной информации, знакомство с мировыми трендами в области техники безопасности все это необходимо для специалистов обеих компаний.

*Алау - 30*

# БАЛАЛЫҚ ШАҚ АРАЛЫ




Жадырап жаз келді. Табиғаттың осы бір мезгілін ең алдымен балалар асыға күтеді. Өйткені бұл санасын сабақтан арылтып, алаңсыз балалық шақтың аралында сайрандайтын уақыт. Кекілін күнге сүйдіріп, табанын құмға күйдіретін ойын баласы үшін бұдан асқан қызықты шақ болмас.

Каспий теңізінің жағалауында, Ақтау қаласының оңтүстік бетінде 48 шақырым қашықтықта орналасқан "Маңғыстау-мұнайгаз" АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің" қарамағындағы «Алау» балаларды сауықтыру орталығы биыл да балалаларға құшағын айқара ашты. Ашқанда да қызылды-жасылды салтанатпен ашылды. Себебі, биылғы маусым – тарихи маусым. Лагерьге 30 жыл толды.

«Алау» балаларды сауықтыру орталығы 1987 жылы 5-маусымда өзінің алғашқы тынығушыларын қабылдаған екен. Сол кездерде ауысымына жүздеген балғынды қабылдайтын лагердің ашылуы үлкен мерекеге ұласатынын көз көргендер аңыз қылып айтады. Алау балаларды сауықтыру орталығының құрылуына атсалыса отырып, іргетасын қалаған Бөлекбай Нахуов ағай сол кезеңді былайша еске алады:



1987 жыл. «Алау» лагерінің салтанатты ашылу сәтінен

«Мен 28 жыл бойы осы «Алауда» ыстық-суығына күйіп, еңбек демалысына шықтым. Лагердің құрылысына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты ПМК-3 мекемесі мен бос уақыттарын пайдалана отырып Қоғам қызметкерлері де атсалысты. Алғашқы жылдары өте қиын болды, асфальт болған жоқ, балалардың ыдыс-аяқ, төсек-орындары да жеткіліксіз болды, уақыттың талабына сай демалыс орнына айналдыру үшін талай өткелектерден өттік десе болады. Лагерьдің тәртіппен үздіксіз қызмет етуі үшін ол уақытта тәрбиешілерді Атыраудағы педколледжден әкеліп жұмыс жасаттық. Сондай тынымсыз еңбектің арқасында мұнайшылар балаларының жазғы демалысын өткізетін лайықты орынға айналды. «Алаудың» жаңаша тыныс алған шағы компанияға Алик Серікұлы Айдарбаев келген кез деп айта аламын. Лагерді қоршап, бассейн орнатып, балаларға барынша жағдай жасап берді. Өмірімнің біраз бөлігін осы салаға арнадым, сондықтан «Алау» маған өте ыстық!».

1987 жылдан бастап «Алау» балаларды сауықтыру лагеріндегі жаз мезгілі бірнеше мыңнан астам бүлдіршіндер үшін бақытты балалық шақ аралына айналды. Құрылған сәтінен бастап лагерь мұнайшылардың тұрақты қамқорлығында. Ол қамқорлық күні бүгінге дейін компания қызметкерлерінің, тұрмысы төмен отбасылардың балаларына және балалар үйінің тәрбиеленушілеріне тегін жолдама беру түрінде көрініс тауып келеді. Компанияның күш салуының арқасында жаңадан білім беру-тәрбиелеу бағдарламасы жасалып, қолданысқа енгізілді.



Жыл өткен сайын лагердің материалдық-техникалық базасын біртіндеп жақсарту және білім беру-тәрбиелеу бағдарламасын жетілдіру бойынша ауқымды жұмыстар қызу жүргізілуде. 2015 жылы жаңа инвесторлардың келуімен орталыққа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, ғимараттар қайта жаңғыртылды, балалар мен ата-аналардың сұранысы бойынша бассейн салынды. Лагерь аумағы толықтай қоршалып, ауыз суды сақтауға арналған резервуар ауыстырылды.

Маусымның 3-жұлдызында алаулықтар мерейтойлық 30-шы маусымын ашты. Лек-легімен қызылды-жасылды киінген балалар, театрландырылған қойылым, концерттік бағдарлама салтанаттың сәнін келтірді.

Маусымның ашылу жиынында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев балдырғандардың демалыс мезгілдерін еш алаңсыз өткізулеріне жағдай жасалғандығына тоқталды. Балаларға ыстық лебіздерін білдіріп, сәтті демалыс тіледі.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов:

- Биыл «Алау» балаларды сауықтыру орталығында маусым –тамыз айлары аралығында 15 күннен 260 бала 5 кезеңмен демалады деп күтілуде. Ата-аналарға, ұстаздарға, балаларға естен кетпес жазғы демалыс тілеймін. Балалардың демалысы жақсы өту үшін барымызды салып жатырмыз. Жазда денсаулықтарын көтеріп, келесі оқу жылына дұрыстап дайындалып барғанын тілеймін» - деді.

Балалардың жазғы демалысының қызықты өтетіні көрер көзге айқын. Балалар шығармашылығы орталығы үшін тігіліп тасталған қос киіз үй, бассейн, футбол алаңы балдырғандарға жаңа әсер сыйлары сөзсіз. Жаз бойы лагерде танымдық, ойын-сауық, спорттық шаралармен қатар Ақтау қаласына саяхат, қаладағы кинотеатрлар, әртүрлі аттракциондарға, бекіре фермасына, түйеқұс шаруашылығына, теңіз портына апару көзделген. Сондай-ақ, жаңадан ашылған фотостудия да балғындарға фотоөнердің қыр-сырын үйретпек. Тәжірибе көрсеткендей, жазғы лагерь – тек демалыс орны ғана емес, үлкен тәрбие мен үгіт-насихат құралы болып отыр. Туған жерінің тау-тасын, теңіз-көлін, жазық даласын көріп-білу және оның күллі сұлулығын сезіну әрбір баланың бойында туған табиғатын аялай сүю, қорғау сезімдерін оятып, ұлттық сананың қалыптасуына алғышарт болатыны сөзсіз.

Ұл-қыздарының қиялына ерік беріп, олардың жаңа қырынан танылуына септігін тигізетін осындай демалыс орнының барына ата-аналары да дән риза:

- Мен бүгін «Алау» лагеріне ұлдарым мен қыздарымды әкеліп отырмын. Ашылу салтанаты өте жоғары деңгейде өтті, балаларға ұнады. Балаларымыздың демалысының қызықты өтуіне осындай мүмкіндік беріп отырған компанияға алғыс айтамын»,- деді зор әсер құшағында тұрған Әлия Сабырбайқызы.

«Менің лагерге екінші рет келуім. Демалысым жақсы, көңілді өтеді деп сенемін. Бұл жер өте әдемі, маған ұнайды» - деп ағынан жарылған ақтаулық балдырған Жансая Орынбасарға жолдаманы мұнай саласында еңбек етіп жүрген әжесі сабағын үздік тәмәмдағаны үшін тарту еткен екен.

Айналып келгенде, балаға бүгінгі жасалатын қамқорлық елдің ертеңін ойлау мақсатынан туындайтыны түсінікті жайт. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының өз қызметкерлері балаларының жазғы демалыстарын мазмұнды да тартымды өткізуі үшін аянып қалмайтыны әмбеге аян. Өйткені ол компанияның өзінің жұмысшылары алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі.

... Қаланы бетке алып жолға шықтық. Шағаласы шулаған, толқындары жағаға іркес-тіркес соққан кәрі Каспий жағалауын шаттыққа толтырған балдырғандардың асыр салған ерке қылығы мен күміс күлкісіне риза болған кейіпте толқып жатқандай әсерден көңілге шаттық жүгірді...



*Компания тынысы*

# КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС



6 - маусым күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасы жанынан құрылған Қоғамдық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Қоғамдық Кеңестің негізгі мақсаты - компанияның қызметін жүзеге асыру барысында жұмысшы мен жұмыс беруші арасында, сондай-ақ компания мен сервистік мекемелердің арасында туындайтын әлеуметтік мәселелер бойынша екі тарапқа да тиімді шешімдерді қабылдап, шиеленістердің алдын алу.



Кеңестің алғашқы отырысының күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Кеңес мүшелері Кеңес Ережесімен таныстырылды. Сондай-ақ, ұйымдық мәселе қаралды. Отырыс барысында келіп түскен ұсыныс бойынша Кеңес Төрағасы болып бас директордың адам ресурстарын басқару және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Н.Күдереев, орынбасарлығына бас директордың әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Ж.Тулегожаев, ал Кеңес хатшысының қызметіне корпоративтік хатшының орынбасары Ж.Шегемов бірауыздан сайланды. Кеңес құрамында 18 мүше – мұнай саласының ардагерлері Ө.Сағындықов пен С.Масатов, құрылымдық бөлім жетекшілері М.Ғұмарова, М.Асабаев, Н.Сәрсенбай, Ж.Шегемов, Б.Дүсүпов, А.Куванов, Н.Илмуханбетов, кәсіподақ төрағасы Т.Айдинов пен «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғ.Әбдісадық және 5 сервистік мекеме өкілдері Н.Құрмашев («ОТК» ЖШС), Қ.Аманбаев («МТК» ЖШС), Б.Ізбасов («МЭМ» ЖШС), Н.Қалдыбатыр («ОКК» ЖШС), Е.Букембаев («ОСК» ЖШС) бар.

Кеңестің отырысы оның ең жоғарғы органы болып табылады. Мұнда қаралған мәселелер бойынша Кеңес мүшелерінің қабылдаған шешімдері мен нұсқаулары тікелей Компания Басқармасының қарауына беріледі. Демек, Кеңес қызметі күрмеуі табылмай жүрген мәселелерді жоғарғы басшылықтың назарына жеткізудің, оңтайлы шешімдер қабылдап, ұжым арасындағы әлеуметтік тұрақтылық пен келісімді сақтап тұрудың таптырмас тетігі болмақ.

Кеңес жұмысына сәттілік тілейміз!

*Вектор развития*

# ЗАСЕДАНИЕ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО СОВЕТА

**31 мая состоялось очередное заседание Производственного Совета АО «Мангистаумунайгаз». Участники встречи обсудили текущие вопросы в области охраны труда и техники безопасности, а также избрали нового председателя Производственного Совета.**

Напомним, Производственный Совет был образован в 2016 году, с целью создания здоровых и безопасных условий труда, предупреждения и профилактики несчастных случаев и профессиональных заболеваний.



В ходе нынешнего заседания был избран новый председатель Производственного Совета, им стал директор департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды АО «Мангистаумунайгаз» Коблан Таджибаев.

Коблан Таджибаев родился в 1976 году. Окончил Ашхабадский Политехнический институт (специальность: машины и аппараты химических производств) и КГУТИ им. Ш.Есенова (специальность: разработка нефтяных и газовых месторождений). Трудовую деятельность начал в 1998 году слесарем по ремонту технологических установок. В разные годы работал машинистом технологических насосов, инженером-технологом, ведущим инженером по охране труда, главным техническим руководителем по охране труда ТОО «КазПолМунай», с 2010 года работал главным техническим руководителем по охране труда филиала АО «Морская Нефтяная Компания «КазМунайТениз», с апреля 2017 года возглавляет ДТБОТиООС АО «Мангистаумунайгаз».

Также члены Совета утвердили предложенную профкомом Общества группу из 23 технических инспекторов, в которую вошли работники производственных управлений «Каламкасмунайгаз», «Жетыбаймунайгаз», а также департаментов и служб компании. Участники встречи договорились в ближайшее время разработать план и график обучения технических инспекторов, после чего они приступят к общественной работе по контролю за соблюдением требований техники безопасности и охраны труда на объектах Общества.

*Обучение*

# ИНВЕСТИЦИИ В ЗНАНИЯ



Вопросы нормирования и оплаты труда с давних времен являлись очень важными и актуальными вопросами, как для работников, так и работодателей. Как Вам известно, в 2016г. в силу вступил Трудовой кодекс РК с учетом новых изменений и дополнений. Изменения коснулись и разделов нормирования и оплаты труда. В этой связи Департамент управления человеческими ресурсами и социальной политики провел обучение 15 работников Общества.

Организатором обучения выступили Корпоративный университет «Самрук-Казына» с опытным тренером, кандидатом экономических наук, членом рабочей группы по разработке нового Трудового Кодекса РК – Курасовой Анастасии Михайловны.

Руководство Общества постоянно поддерживает возможность обучения работников и развития их профессионально-деловых компетенций.

Так, в предстоящих планах ДУЧРиСП проведение корпоративного обучения работников Управления по актуальной на сегодняшний день проблеме «Техника перевода официальных документов с русского языка на государственный и обратно».

**М. Нусанов,**
**начальник отдела развития**
**и обучения персонала**

*Мағлұмат*

# МҰНАЙ БАҒАСЫ: САН ЖӘНЕ СТАТИСТИКА

**Табысын «қара алтыннан» еселеп отырған мұнай өндіруші мемлекеттермен қатар біздің еліміздің де экономикасы әлемдегі мұнай бағасының бәсіне байланысты. Отандық мұнай компаниялары өз қызметінде әлемдік нарықта мұнай бағасын жариялайтын ақпарат агенттіктерінің мәліметтеріне сүйеніп, соған сай әрекет етеді. Халықаралық нарыққа шығатын мұнай, мұнай өнімдері, табиғи газ, мұнай- химия өнімдері және өндірістік металдардың құнын мол тәжірибесі бар «S&P Global Platts» компаниясы жариялап отырады. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы осы компанияны өңірімізге шақырып, облыстағы мұнай өндіретін кәсіпорындардың қатысуымен конференция өткізді.**

Жиында алғысөз сөйлеген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн Маңғыстау облысында алғаш рет ұйымдастырылып отырған шараға қатысушылар мұнай-газ секторындағы өзгерістерден, соңғы жаңалықтардан хабардар болатынын жеткізіп, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

–Дәйекті, нақты ақпарат таратуда бір ғасырдан астам тарихы бар компания Еуропа мен Азия нарығында жетекші рөл атқарып келеді. Осыған дейін Астана, Атырау қалаларында мұнай-газ саласындағы көшбасшы компаниялармен кездесіп, мәліметтер ұсынып, пікір алмастық, сұрақтарына жауап бердік. Қазақстанның бас қаласында ең ірі тапсырыс берушіміз болып табылатын «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ұжымымен кездесу өткіздік. Бағдарлама бойынша мұнай бағасының қалай бағаланатынын, нарыққа шығу жолдарындағы жүйелерді түсіндіріп айтамыз. Сондай- ақ тың идеяларымыз мен жаңа бастамаларымызды да таныстарамыз. «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне әлемдік деңгейде ақпараттық қолдау көрсетеміз. Маңғыстау облысындағы тапсырыс беруші, бізбен берік байланыс орнатқан кәсіпорындардың барлық сұрақтарына жауап беріп, тәжірибе алмасамыз. Бізге қолдау көрсеткен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына алғысымызды білдіреміз, – деді «S&P Global Platts» компаниясының Мәскеу кеңсесіндегі өкілі Георгий Гулевский.



Шара барысында шетелден келген мамандар қатысушылар назарына слайд түрінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қазіргі нарықтағы жағдайды баяндап, көкейдегі сауалдарына жауап берді. Жиында айтылған орамды ойлар мен жүйелі пікірлер мұнайшылардың қызығушылығын туғызды.

– Бүгінгі жиында Лондоннан, Мәскеуден келген қонақтарымыз мұнайшыларға мұнай саласының бүгіні мен болашағы туралы тың мәліметтер берді. Brent маркалы мұнай бағасын шығаруда алдыңғы қатардағы компаниямен көп жылдардан бері тығыз жұмыс жасап келеміз. Сенімді серіктестік орнатқан агенттік күнде кешкісін соңғы, нақты деректерді ұсынып, себептерін де көрсетеді. Жұмысымызға сан мен статистиканы арқау етіп, соған сай еңбек етеміз, – деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ маркетинг және мұнай өткізу департаментінің директоры Бекболат Атшыбаев.

**«Маңғыстау» газеті**

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – БІЗДІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫЛЫҒЫМЫЗ

Халықаралық Еңбек Ұйымының ұсынысымен 28 сәуір **Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күні** ретінде 2003 жылдан бері аталуда. Бұл айтулы күн сонымен бірге өндірісте жазатайым қайтыс болғандарды еске алу және өндірістен зақым алған жұмыскерлерді құрметтеу күні ретінде де аталады. Дәстүрлі еңбек күнінде де және барлық өндірістік шараларда да адам өмірі мен оның денсаулығы басты назардағы фактор болып қала бермек.

Бұл айтулы шараның негізгі мақсаты - бүкіл дүниежүзі қауымдастығының назарын еңбек қатынастарында туындап отырған басты мәселелерге аудару және еңбек құқықтарын қорғап, жұмыс орындарындағы адам шығынын болдырмаудың алдын алу. Халықаралық Еңбек Ұйымының мәліметтері негізінде, әлемдегі өндірістер бойынша жыл сайын 270 млн. жуық жазатайым оқиғалар тіркелген, 160 млн. азаматтар кәсіби ауруларға шалдыққан, ал өндірісте 2 млн. 200 адам қаза тапқан. Осы залалдардың салдарынан әлем экономикасы триллион долларға шығындалған.

Бүкіләлемдік қауымдастық сияқты қазақ жұртшылығы да осы әлеуметтік мәселеден тыс қалмайды. Сондықтан аталған зардаптарды болдырмас үшін 2005 жылдан бері **Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күні** Қазақстанда да аталып өтуде. Басқа да өндірістік кәсіпорындар секілді **«Маңғыстауэнергомұнай»** Серіктестік әкімшілігі де барлық жұмыс орындарында салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасақтауға жыл сайын жеткілікті қаражат бөліп, олардың тиімді қолданылуын қадағалайды.



Биылғы жылы да **Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күні** шараларын «МЭМ» Серіктестігі «Еңбек құқықтарын қорғау – біздің негізгі басымдылығымыз» деген тақырыппен өткізді. Еңбекті қорғау мәдениетін еңбек ұжымдарында қалыптастыру мен дамыту, жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту және өндірістік жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында Серіктестік әкімшілігі мен кәсіподақ бірлестігі барлық өндірістік бөлімшелер арасында **«Үздік участок»** номинациясы бойынша конкурс жариялады. Конкурс қорытындысы бойынша тағайындалған арнайы комиссия шешімімен:

**І-орынды** - «Қаламқас» өндірістік энергетикалық қызметінің №2 учаскесі, участок басшысы - **Д. Аймағамбетов**,

**ІІ-орынды** - «Жетібай» өндірістік энергетикалық қызметінің № 6 учаскесі, участок басшысы – **Н. Жанібеков**,

**ІІІ-орынды** - «Қаламқас» өндірістік энергетикалық қызметінің Оперативті диспетчерлік тобы, топ басшысы – **Н. Шамханов** иеленді.

Сайысқа қатысушылар да, жүлдегерлер де Серіктестік кәсіподақ ұйымының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Сайыс соңы Серіктестік әкімшілігі мен кәсіподақ бірлестігінің төрағасының Адам құндылықтарын құрметтеу және олардың адал еңбектерін бағалауға арналған ақ жарма тілектеріне ұласты.

**Қ.Ш.Калпаков,**
**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы**

# МАЙДАНГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да арасын аулақ салып, алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес. Өйткені ол соғыс қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітіп кетті. Сол соғысты майданның алдыңғы шебінде жүріп басынан өткергендер де, солардың тілеуін тілеп, тылдағы бар ауыртпалықты иығымен көтерген ардагерлер де, соғыста ата-анасынан айырылып, жетімдік тауқыметін тартып өскендер де бүгінде арамызда жүр.





Сондықтан да жыл сайын мамыр айының 9 жұлдызында сол сұрапыл соғыстағы Жеңіс күні айрықша атап өтіледі. Және ол жалпыға бірдей халықтық мереке болғанымен, бұл күні әсіресе, кешегі соғыста Жеңіс үшін қолдарына қару алып, майданның алдыңғы шебінде қанқұйлы жаумен шайқасқа түскен соғыс ардагерлеріне көрсетілер құрмет айрықша.

«Қазмұнайгаз» ҰК АҚ компаниялар тобында ҚМГ Жастар кеңесінің бастамасы бойынша өткізілген «Сіздер бізге бейбітшілік сыйладыңыздар» қайырымдылық акциясы «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС қызметкерлері тарапынан жылы қабылданып, қолдау тапты. Мекеме қызметкерлерінен 1 680 500 теңге қаржы жиналды. Сондай-ақ Ақтау қалалық ардагерлер қоғамына хабарласып, Ұлы Отан соғысына қатысқан 6 ардагердің тізімі алынды. Мекеме басшысы, кәсіподақ төрағасы және Жастар кеңесі біріге отырып, әр ардагердің үйіне барып мерекелік құттықтау жасады. Олар «МТКБ» көлік басқармасы құттықтаған - А. Жузбаев, «БТКБ» көлік басқармасы құттықтаған - И. Мәмбетұлы, «ОЖҚ» басқармасы құттықтаған - А.Утаев, «ЖТКБ» көлік басқармасы құттықтаған - Т. Казбеков, мекеме басшылары құттықтаған - Қ. Хыдырбаев пен Қ. Умбеталина. Ардагерлерге Алғыс хат дайындалып, телевизор мен қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілді. Осы шараға ат салысып, қаржылай көмек көрсеткен мекеме жұмысшыларына ризашылығымызды білдіреміз.



**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**

# ВСЕ ЛУЧШЕЕ – ДЕТЯМ!

**Накануне Международного дня защиты детей, члены Молодежного Совета ТОО «Oil Services Company», организовали в семейно-развлекательном центре «Атлантида» праздничное мероприятие, для воспитанников Мангистауской областной детской деревни семейного типа.**



Молодые нефтяники устроили настоящий праздник для детей: в течение четырех часов мальчишки и девчонки могли наслаждаться всеми игровыми автоматами, вдоволь напрыгаться на батуте или покатать шары в боулинг, ну и, конечно же, пройти детский лабиринт.

После насыщенного игрового шоу детей ждал праздничный дастархан с любимыми сладостями. В память о веселом празднике молодые специалисты вручили ребятам памятные подарки и игрушки. Воспитанники детской деревни поблагодарили руководство ТОО «Oil Services Company» за подарки, а самое главное - за оказанное внимание и полученный заряд хорошего настроения.

Проведение благотворительных акций стало доброй традицией для молодых специалистов ТОО «Oil Services Company». Чуть ранее, накануне Дня Победы, в рамках проведения благотворительной акции «Вы подарили нам мир», члены Молодежного Совета и профсоюзного комитета ТОО «OSC» поздравили с праздником ветеранов ВОВ. Молодые нефтяники от всей души поблагодарили ветеранов за ратные подвиги и мирное небо над головой. Среди тех, кто ковал победу – Даражат Кожанов, Василий Лазаренко, Петр Морозов, Асан Аймагамбетов, Бисен Бокаев, Каир Хыдырбаев.

Каждому ветерану ВОВ были вручены подарочные сертификаты на приобретение лекарств, продуктовые корзины, а также оказана материальная помощь. Ветераны отметили, что им приятно, что о них не забывают. И пожелали, чтобы будущие поколения хранили мир и трудились во имя процветания страны.

**ТОО «Oil Services Company»**



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Қазақша сөйлесейік

# АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ

*По отношению каждого человека к своему языку можно совершенно точно судить не только о его культурном уровне, но и о гражданской ценности. Истинная любовь к своей стране не мыслима без любви к своему языку. Человек, равнодушный к своему языку, - дикарь.*
*К.Паустовский*

Әлемдегі ең бай, ең сұлу тілдердің бірі – қазақ тілі - ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауы, оның тазалығына қаяу түсірмеуі тиіс.

Маңғыстау облысының Тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасы ұйымдастырған «Қазақша сөйлесейік» акциясын қолдау мақсатында «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арнайы іс-шаралар жоспарын жасап, қызметкерлердің белсене қатысуымен осы күндерді өте әсерлі етіп өткізді.

Акция өткізуге жауапты жұмысшы комиссия 24, 25, 26 сәуір күндері тіркелетін шығыс хаттардың қазақ тілінде болуын, компанияның барлық бөлімшелері мен кеңселерінде қызметкерлердің тек қазақ тілінде сөйлеуін қадағалады. Кеңсе қызметкерлері осы күндері қазақша нақыштағы киім киіп жүрді. Кабинеттер арасында қазақ қолөнері бұйымдары мен тағамдарының, ұлттық киім үлгілерінің конкурсы жарияланды. Серіктестік аумағында өтетін барлық жиналыс, отырыс, кеңестерді тек қазақ тілінде өткізу тапсырылды.

Комиссия төрағасы - Бас директордың адам ресурстарын басқару, еңбекақы төлеу, нормалау және әлеуметтік саясат мәселелері жөніндегі орынбасары Нұржан Қалдыбатырдың басшылығымен комиссия мүшелері – Мақсұт Садықов, Расылбек Дуанаев, Қымбат Тұржанова, Айман Есбосын болып кабинеттерді аралап, акция барысындағы байқауларға қатысушылардың жұмысын көріп, саралады. Жақсы дайындықпен келген, бірінен бірі асып тұрған қызметкерлерге баға беру де оңайға түспеді.

Еңбекақы төлеу және нормалау бөлімінің экономисі Динара Назарбек ұлттық бұйымдарды таныстыру барысында үш ғасырдан астам уақыт сақталған, ағаштан ойылып жасалған қобызды мұражайдан алдырып, экспонаттарының бәрінен биік етіп көрсетті. Кабинет бұрышына шаңырақ орнатылып, әсем безендірілген. Бөлім қызметкерлерінің қолынан шыққан дүниелер де, қолданып жүрген ер-тұрман да төрден орын алған. Динара өзінің қазақ елінің тарихын, қолөнер туындыларын жасау технологияларын жетік білетіндігін көрсетті. Ол өзінің жатық таза тілімен, адамдарды баурап алар сүйкімді әдебімен комиссия мүшелерін тәнті етті. Бөлім қызметкерлері түгелдей атсалысып, қазақ халқының киім киіс, қонақ күту, үлкенге ізет көрсету, бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрінен көрініс көрсетті. Жанат Ишанғалиева асыл әжелердің образында домбыра тартып, терме айтты, баланы бесікке салып, бесік жырымен жанжағын әлдиге бөледі.

Бухгалтерия қызметкерлері де жанжақты дайындықпен келген. Қонақты қол қусырып, иіліп құрметпен қарсы алудан бастап, оны күту, дастарханнан дәм татқызу салтын көрсетіп, қолөнер бұйымдарын, ұлттық киім үлгілерін Алмагүл Ноғаева, Аққенже Аймағамбетова және әр қызметкер өзінің киген киімін кәсіби журналшылардан кем емес әсерлі көркем тілмен таныстырып шықты. Өз қолдарынан шыққан және қолданып жүрген бұйымдарынан бөлек 95 жастағы Ираннан келген әженің немересіне арнап тіккен кәжекейі, жайнамазы сияқты ол кісінің туған елге деген сағынышы мен арманынан өрілген дүниелері көрсетілді. Ескі тәсілмен қолдан тоқылып, патша заманының теңгеліктерімен көмкерілген бұйым өткен қилы тарихтан сыр шертіп тұрғандай әсер берді. Бухгалтерия ұжымы домбыраға қосылып, би билеп, ән салды, өлеңнен шашу шашты. Динара Нұрмағанбетова қазақтың зергерлік әшекей бұйымдарының жасалу әдістері және оны қолдану мақсаттары, өрнектерінің мәні мен пішіндерінің мағынасын, кімге арналатындығы туралы сөз майын тамызып баяндап берді.



Сыры кетсе де сыны бермейтін қазақ әйелінің қалпын бұзбай жүрген Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің маманы Қалбибі Базарова және Әлеуметтік-саясат тобының мамандары Гүлназ Байболова мен Роза Қадырбаева жүн түтіп, ұршық иіріп, тұскиізге ою салу тәсілдерін көрсетті.

Бөлімдерінің акцияға қатысуына ұйытқы болған Сатып алуларды ұйымдастыру бөлімінің маманы Ақнұр Есіркеп пен Бас энергетик бөлімінің аға инженер-энергетигі Арайлым Қапиз қазақтың ақылына көркі сай ибалы да инабатты келіндерінің нақ үлгісін көрсете білді. Әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсетуші Ұлжан Кейкішова апай жалғыз өзі болса да шараға белсене қатысып, қолөнер бұйымдарын ортаға салды, өзінің белсенді іс-қимылымен жастарға жақсы үлгі көрсете алды.

Жүлде берілетін номинациялар атауларын да қазақтың әсем сөздері жаңғырып, қолданыс аясы кеңи беруі үшін көркем сөздермен: ерлер арасындағы ұлттық киім байқауының жеңімпазын «Сері жігіт», әйелдер арасындағы байқауға қатысушыларды үш санатқа бөліп, жас ерекшеліктеріне қарай «Асыл әже», «Сыны кетпес бике», «Сыбызғыдай сызылған» деп атадық.

«Қазақша сөйлесейік» акциясының нәтижелері бойынша 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қала орталығында өткен мерекелік шеруге қатысқаннан кейін кәсіпорынның бас кеңсесі ауласында жалғасқан мерекелік демалыста серіктестіктің бас директоры Серік Әбденов мырза конкурс жеңімпаздарына құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтарды тапсырды, оларға көпшілік қошемет көрсетті.

Ұлттық киім байқауының қорытындысы бойынша жүлделі орындарды: «Сері жігіт» номинациясы бойынша I орынды – Жәнібек Ережепов; «Асыл әже» номинациясы бойынша I орынды – Жанат Ишанғалиева мен Аңдыз Нұрғалиева, II орынды – Ұлжан Кейкішова мен Қалдыгүл Қожахметова, III орынды – Зәмзәгүл Кенжебаева; «Сыны кетпес бике» номинациясы бойынша I орынды – Аққенже Аймағамбетова, II орынды – Гүлназ Байболова, III орынды – Қалбибі Базарова мен Светлана Кулешова; «Сыбызғыдай сызылған» номинациясы бойынша I орынды – Ақнұр Есіркеп пен Арайлым Қапиз, II орынды – Раушан Исламғалиева мен Дина Қашымқұлова, III орынды – Гүлжан Қазыбек жеңіп алды.

Ұлттық киім байқауына қатысқан 19 қызметкерге ынталандыру сыйлықтары табыс етілді.

Кабинеттер арасында «Қазақша сөйлесейік» акциясына белсене қатысып, «Қазақ тағамдары және қолөнері» номинациясы бойынша жүлделі I орынды – Еңбекақы төлеу және нормалау бөлімі мен Бухгалтерия, II орынды – Адам ресурстарын басқару бөлімі мен Әкімшілік-шаруашылық бөлім және Әлеуметтік саясат тобы, III орынды – Сатып алуларды ұйымдастыру бөлімі мен бірлескен Бас энергетик, Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері және Ұлжан Кейкішева ие болды.

Бұл шаралар компания қызметкерлерінің көптен бергі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайына байланысты мәдени-көпшілік шаралар қысқартылып, түсіңкіреп қалған көңілін көтеріп, тың күш, жаңа серпіліс берді.

Елімізде ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны - бәріміз үшін мақтаныш. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген сөздерін баршамыз құптаймыз.

Ана тілі - ар өлшемі. Ана тілін құрметтеу басқа тілді меңгеруге бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін азаматтың бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз. Ақиық ақын М.Мақатаев:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем, – деп

Отанды сүюдің, ана тілін сүюдің құдіретті биік сезім екендігін білдірді.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деген Ахмет Байтұрсынов атамыздың сөзіне құлақ салып, өзіміздің де, сөзіміздің де мәртебесін көтере берейік.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**



# ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Маңғыстау мұнайын игеру, оны ел игілігіне жарату, сол еңбек жолында табысқа жету еліміздің әр азаматы үшін үлкен бақыт. Өз ісінің кәсіпқой шебері, еңбек майталманы болып жүрген осындай азаматтар біздің «Мұнайтелеком» Серіктестігінде де аз емес. Солардың бірі Қаламқас байланыс цехында көп жылдардан бері еңбек етіп келе жатырған мамандығының майталманы - Жексенғали Бекмұқанұлы.

Жексенғали Бекмұқанұлы 1959 жылы 25 қаңтарда қазіргі Атырау облысы, Маңғыстау ауданы, Орта еспе ауылында мұғалім жанұясында дүниеге келген. Маңғыстау облысы Ералы поселкесінде орта мектепті бітірген соң, өзінің еңбек жолын 1976-1977 жылдары «КЭ»МНГР АТЦ-1 мекемесінде слесарь болып еңбек етуден бастаған Жексенғали, әскер қатарына алынып, отан алдындағы борышын өтеп ауылға оралып, «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасының «Ракушечный» кен орнында 2 разрядты оператор мамандығы бойынша жұмыс жасайды. 1983 жылы Алматы байланыс техникумының, «Районная электросвязь» мамандығы бойынша диплом алып, 1983-1984 жылдары Ералы ауданының «Минсвязь ОМН ПТУС» мекемесінде 5 разрядты электромонтер болып жұмыс жасайды. 1984 жылы «Контора связь» ОМН ПТУС, қазіргі «Мұнайтелеком» ЖШС-нің Қаламқас байланыс цехына линиялық кабель құрылғыларының 5 разрядты электромонтері болып орналасып, осы күнге дейін еңбек етуде.

Әрбір саланың өз қиындығы бар демекші, қажетті ақпарат алуда кабельді байланыс желісі жүйесінің орны ерекше, кабельді желімен барлық ақпараттар таратылады (телефон, факс, интернет жүйелері, телемеханика).

«Мұнайшылар дер кезінде ақпарат алып отыру үшін, желі үзілген жағдайда ауа-райының қолайсыздығына, күннің аптап ыстығы мен қақаған аязына қарамай тез арада іске қосу керек болады. Кабель желісі 1-2 метр тереңдікте жатады. Кабельдердің структурасын анықтау, жол жүруін анықтау, жағымсыз және байланыс арнасына кедергі жасайтын әсерлерді анықтау және осы әсерлерді тоқтату үшін өлшеу кезінде кейде тізеден су кешетін кезіміз де болады. Осы сәтті пайдалана отырып, тілек айта кетейін. Елімізде тыныштық, береке-бірлік болсын! Ең бастысы адамдардың бір-біріне деген пейілі тарылмаса екен»,- дейді Жексенғали Бекмұқанұлы.

«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алдыратын» бұл салаға мұнайшылардың алғысы шексіз.

Содан бері Жексенғали Бекмұқанұлы 33 жыл осы салада абыроймен қызмет атқарып келе жатқан құрметті қызметкер.

Серіктестігіміз адал тер төгіп еткен еңбегіне қарай Жексенғалиды мақтау қағаздарымен және «Мұнайтелеком» ЖШС-нің 40-жылдық мерейтойына орай медальмен марапаттады. Жұбайы Гулжан, байланысшы қызметінде болған анасы секілді, «Ана көрген тон пішер» – деген қазақтың дана сөзіндей, ол да осы байланыс цехында телефоншы болып көп жылдардан бері еңбек етіп келеді. 1990 жылы екеуі отбасын құрып, осы уақытқа дейін бірге мұнайшыларға қызмет етіп келе жатыр. Қазіргі таңда ардақты әке, бала-келін, ұл-қыз, немере өсіріп отырған бақытты отбасы.

Әрине, байланыс желісінің және жабдықтардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін осындай мамандардың орны бөлек.

Міне, осындай жауапты жұмысты жұмыла көтеріп, жан-дүниесімен сүйсіне қызмет етіп жүрген қызметкерлерді қалайша мақтан тұтпайсың.

Біздің компанияның өткен жылдардағы секілді, алдымыздағы уақытта да осындай еңбегін адал атқарып жүрген жұмыскерлеріміздің арқасында жұмыла еңбек етіп, табыстарға жетеміз деген сенімдеміз.

**Б.Құлмұрынова**
**«Мұнайтелеком» ЖШС**

*Жағымды жаңалық*

# КӨП КӨМЕГІ – КӨЛ

Осыдан шамалы уақыт бұрын өздеріңізге Компаниямызға қайырымдылық көмек көрсету жөнінде келіп түскен хаттарға байланысты қызметкерлер тарапынан қаражат жинау жұмысын жүйелендіру, мұнайшылар шапағатын мейлінше көп адамға жеткізу үшін мұнайшылар атынан қайырымдылық қор құру жөнінде ұсыныспен шыққан болатынбыз. Нәтижесінде, ұсынысымыз қызу қолдау тауып, қайырымдылық қорын құру-тіркеу жұмыстары басталып та кеткен еді. Енді міне осы қор «Мұнайлы өлке» деген атпен құрылды, жұмысын бастауға дайын.

Қордың жалғыз мақсаты - мұнайшылар тарапынан ерікті түрде жиналған қаражат есебінен өңіріміздегі аз қамтылған, көп балалы отбасыларға, мүгедек, дертті адамдарға, жалпы мұқтаждық күйін кешкен азаматтарға көмек қолын созу, жәрдем ету, өзіміздің арамызда қиын жағдайға түскен әріптестеріміз болса, сол кісілердің жоғын түгендеп, кетігін толтыру.

Көп түкірсе, көл болады демекші, қорға бір адамнан аударылатын қаражаттың да көлемі аса көп емес, не бары 1000 теңге. Яғни сіз айына 200 000 теңге жалақы алсаңыз соның 1000 теңгесін, жылына 12000 теңгені қайырымдылыққа жұмсап, үздіксіз садақа беріп, жетімнің басынан сипап, міскіннің жүрегін жалғап, науқастың шипасын табуына септігіңізді тигізесіз.

Қор өз жұмысын толықтай ашық әрі таза жүргізуге міндеттенеді. Қорға түскен қаражат Компания қызметкерлерінен құралған Қамқорлық кеңестің бірауызды шешімімен ғана жаратылатын болады. Жұмсалған ақша мен атқарылған жұмыс жөніндегі есеп тоқсан сайын «Мұнайлы өлке» газетінің бетінде жарияланып тұрмақ.

Ендігі қадам –жалақыңыздан ерікті түрде жарна ретіндегідей ақша ұстау туралы арыз толтырып, қор әкімшілігіне тапсыру. Осы арқылы, қашан да қайырымдылыққа немқұрайлы қарамайтын сіз бен біз, мұнайшылар, ежелден жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған ата-бабамыздың өнегесін жалғап, тағдырдың талқысын кешкен замандастарымыз бен қандастарымыздың ауыр жүгін кішкене болса да жеңілдетуге мүмкіндік аламыз. Бизнесті жоспарлау және экономикалық анализ, геология және кен орындарын игеру, жұртшылықпен байланыс департаменттері қызметкерлерінің бір ауыздан қолдау көрсетіп, арыз беру жұмыстарын бастап кеткені қуантады! Сіз де осынау мұнайшылар ауызбіршілігі мен жанашырлығын айшықтайтын абыройлы істе жанымыздан табыласыз деп сенеміз?!

Арыз үлгісі мен қосымша ақпарат үшін 212-601 нөміріне хабарласуға болады.

**Құрметпен,**

**«Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының әкімшілігі**

*Компания тынысы*

# АЙНАЛАҢА МЕЙІРІМ ШАШ...

Маусым айының 1 жұлдызы – Халықаралық балаларды қорғау күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандар кеңесі үшін әдеттегідей қызу қарқынмен өтті. Бұл жолы жас мамандар «Айналаға мейірім шаш» деген атаумен өңірдегі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелер тәрбиеленушілері арасында өткен дәстүрлі облыстық шығармашылық фестиваліне ат салысып, қатысушы балдырғандарға компания атынан сыйлықтар тапсырды.

Сәуір айында бастау алған бұл шара екі кезеңнен құралып, алғашқысында балалар қолөнер бойынша сайысса, екінші кезеңде театрландырылған көріністерімен актерлік шеберліктерін ортаға салған. Бұл жолғы фестивальдің бір ерекшелігі - бүлдіршіндер сахнаға ата-аналарымен бірге шығып өнер көрсетті.

Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, мұндай қадам ерекше күтімді қажет ететін балалар мен олардың ата-аналары үшін өте маңызды. Ол жанұяның ауызбіршілігінің нығаюына және балалардың қоғамдағы белсенділігіне жол ашады.



Фестивальға 200-ге жуық бала қатысқан. Бірінші орынды облыстық балалар психоневрологиялық интернат-үйінің тәрбиеленушілері жеңіп алды. Десек те, өзге қатысушыларды да жеңілді деуге болмайды, өйткені балалардың намысқа тырысып, жігерін қайрап, жүзден жүйрік шығамын деп өмірге құштар болуының өзі бір жеңіс!

Шараның жоғары деңгейіне куә болған компания жастары оны ұйымдастырған «Луара» қайырымдылық қоры жетекшілеріне, сондай-ақ балалардың дайындығын шыңдаған ұстаздар қауымының кәсіби шеберлігіне тәнті болып қайтты. Көңілдің гүлі, көздің нұры болған балапандарымыз аман болғай!

**Ғ.Әбдісадық**

# ДОНОРЛАР САНЫ КӨБЕЮДЕ



Сіз өміріңізде бір рет болса да қан тапсырып көрсеңіз, кемінде үш адамның өмірін құтқардым деп есептей беріңіз. Мамырдың он сегізін "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қызметкерлері қан орталығының арнайы көшпелі бригадасының мамандарымен бірге өткізді. Акцияның негізгі идеясы – өз еркімен қан тапсырып, донор болатын адамдардың қатарын көбейту. Екі күнге созылған аталмыш акцияға 56 адам қатысты.

-Жалпы, мұнайшылардың ерікті түрде қан тапсыру акцияларына қатысуы бірінші рет емес, - деді емдеу-алдын-алу мекемесінің терапевт дәрігері Е. Жалғасбаева. Әрбір төрт ай сайын қан тапсыруды жақсы үрдіске айналдырған сіздің компанияңыздың қызметкерлеріне үлкен алғыс білдіреміз. Донор болатын адамның денсаулығы дұрыс болу керек. Олардың барлығы қан тапсырар алдында дәрігерлік және зертханалық тексеруден өткізіледі. Негізі, қан тапсырудың донор үшін ешқандай зиянды салдары жоқ. Керісінше, қанның белсенді жаңаруына, жүрек қан тамыры жүйесі мен ішкі ағзалардың жұмысының жақсаруына әсер етеді..

Қан тапсырушы өндірістік департамент бас механик бөлімінің аға инженер-механигі А. Бинияз әріптесіміз «Мен өзім азаматтық белсенділігімді танытып донорлықтың аса қажетті екендігін көпшілікке білдіргім келді. Осы акция арқылы адамдардың өміріне араша болатынымыз сөзсіз. Көмекке мұқтаж болып жатқан сырқат адамға жөпелдемеде дем бергенге не жетсін», - десе, кезекте тұрған әкімшілік мәселелер департаментінің іс жүргізушісі Л. Ким «Егер дәрігерлік тексеріс лайық деп тапса, қан тапсырып, зәру жандарға көмегімді беруге дайынмын. Болашақта тұрақты түрде қан тапсырып тұруға болады» деген ойын жеткізді.

Осындай ізгі жандардың арқасында күн сайын соншама қанның алмасып, жарық дүниеден қара үзіп қала жаздаған сонша жүрек атқақтап қайта соғатыны даусыз. Өзгеге өмір сыйлауды сауап деп білсеңіз, осындай қайырымды шаралардан сіз де қалыс қалмауға тырысыңыз.

**А.Ақшаева**

# АЙДАНА – ЖЕҢІМПАЗ!

**1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау мерекесі күні редакциямызға жағымды жаңалық келіп түсті.**



Әріптесіміз - сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаменті логистика бөлімінің инженері Ақмарал Жусанбайқызы Тумышеваның кішкентай қызы Айдана Аманжолқызы Аскар «Қазақстан-Ақтау» телеарнасының ұйымдастыруымен 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізіліп жатырған «Елім деген бала – ертеңіміз!» атты тележобада бақ сынап, жүзден жүйрік шығыпты. Қуанышын бөлісе келген анасы Ақмарал:

- Құрметті әріптестер! Бұл тек менің не менің жанұямның қуанышы емес, бұл ортақ жеңіс, ортақ жетістік. Өйткені қолдауға зәру болып өздеріңізге қолқа салғанымда бетімнен қақпай, бір ауыздан жұмыла кеттіңіз. Соның арқасында Айдан қызым бас жүлделі иеленіп, жігеріне жігер қосып «алда бұдан да үлкен сайыстарға қатысамын, жеңімпаз боламын» деп құлшынып отыр. Менімен бірге тілектес-ниетте, жанкүйер болғандарың үшін алғысымды айтып, қуаныш сіздерге де жұғысты болсын деймін, - деп ыстық ықыласын жолдады.

«Баланың қуанышы – ананың қуанышы» деген осы еме пе?! Әрбіріміздің шаңырағымыздағы осындай қуаныш сыйлар көзіміздің нұры мен көңіліміздің гүлі есен-сау ер жетсін!

# ЖЕТІБАЙДАҒЫ ДОДАЛЫ САЙЫС

Тәні саудың – жаны сау. Бүгінгі таңда Жетібай кенорнында дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр. Мұнайшылар арасында спорттық шаралар тұрақты ұйымдастырылып тұрады. Мамыр айында кәсіпорын басшылығы және кәсіподақ ұйымының қолдауымен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы цехтары, бөлімшелері арасында шағын футболдан турнир өтті. Аталған турнирде бірінші орынды қабат қысымын ұстау цехы иеленсе, жүлделі екінші орынды мұнай және газ өндіру цехы жеңіп алды, үшінші орын №3 цехтың үлесіне тиді. Сондай-ақ, волейболдан, үстел теннисінен өткен сайыста жүлделі орындарды №2, №1 және №3 цехтар өзара бөлісті. Үстел теннисінің бәсекесіне жеке цех спортшылары қатысып, тұрғын үйді пайдалану цехының қызметкері С.Құлсариев, күрделі құрылыс департаментінің маманы Б.Құлмұрынов, механикалық цехтың жұмысшысы Ж.Алманов жеңіс тұғырынан көрінді.

Мұнайшылар арасында алғаш рет өткізілген пневматикалық мылтық ату мен Калашников автоматын тез арада сөгу, жинау сайысы да қызықты әрі тартысты өтті. Жарыс қорытындысы бойынша, тұрғын үйді пайдалану цехынан Қосай Елчибеков 1-орынды жеңіп алса, 2-орын күрделі құрылыс департаментінен Ақан Ахметовтың үлесіне тиді, ал 3-орынды ұпайлары тең түскен геолог Берік Айдаров және кәсіподақ қызметкері Уалихан Нұралиев бөлісті. Жарыс соңында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары Б.Дусупов және кәсіподақ төрағасы Т.Мысамбаев жеңімпаз спортшы-мұнайшыларды жеңістерімен құттықтап, кубоктармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Бірінші байлық – денсаулық. Сондықтан да, ұжымдағы әрбір мұнайшының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру –бүгінгінің басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

**Ы.Джарылғасов**

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ спорт нұсқаушысы




Мұнайлы Өлке

**Меншік иесі:**
**"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ**
Редактор: **Есназар Сұлтанов**
Редакция алқасы: **Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, А.Ақшаева, Е.Қонақбаева**
Дизайнер-беттеуші: **Е.Айтбаев**

**Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-601 212-603, 212-606**

**Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады**

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген**

- **Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді**
- **Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды**
- **Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды**

**Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілді, беттелді.**

**Индексі: 64265**

**"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500**